



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

Литература:

1. Кагарманова, А.И. Методика анализа основных средств организации / А.И. Кагарманова, К.М. Хачапуридзе // Научно-практический электронный журнал Аллея Науки. 2019. – № 1(28). – С. 1-4.
2. Мельникова, Т.В. Методика проведения анализа основных средств организации / Т.В. Мельникова // Молодой ученый. – 2015. – № 8 (88). – С. 570-573.
3. Мялкина, А.Ф. Методика проведения анализа основных средств / А.Ф. Мялкина, А.П. Трушина // Ученые записки Тамбовского отделения РоСМУ. – 2018. – № 10. – С. 86-92.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІСІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ АУДИТ ЖҮРГІЗУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сағынова Самал Тәжіғұлқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан қ,

Қазақстан Республикасы

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының 3-курс студенті

E-mail: samal.sagynovaa01@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнұр Каиржанқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация: Квazимемлекеттік сектор субъектісінің қаржылық есептілігі жалпы жосықсыз іс-әрекеттерден немесе қателіктен туындаған елеулі бұрмаланушылықтарды қамтымайтындығына орынды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған. Сондықтан, қаржылық есептілік аудиті кезіндегі аудиторлық тәуекел, мемлекеттік аудитордың аудиттелетін нысана туралы ақпарат елеулі бұрмаланушылықтарды қамтыған жағдайда қате қорытынды жасауын білдіреді.

Бұл мақалада «ҚазТрансГаз» АҚ жалпы сипаттамасы, жылдық көрсеткіштері және компания артықшылықтары көрсетілген.

Түйінді сөздер: Мемлекеттік аудит, мұнай-газ, жекелеген қаржылық есептілік аудиті, аудит, аналитикалық талдау, кірістер, бюджет, экономика.

Аннотация: Аудит финансовой отчетности субъекта квазигосударственного сектора предназначена для обеспечения разумной уверенности в том, что она не содержит существенных искажений в результате грубых неправомерных действий или ошибок. Таким образом, аудиторский риск при аудите финансовой отчетности означает, что аудитор делает ошибочный вывод, если информация об аудируемом субъекте содержит существенные искажения.

В данной статье представлен обзор АО «КазТрансГаз», годовые результаты и преимущества компании.

Ключевые слова: Государственный аудит, нефть и газ, аудит индивидуальной финансовой отчетности, аудит, аналитический анализ, доходы, бюджет, экономика.

Annotation: The financial statements of a quasi-public sector entity are intended to provide reasonable assurance that they do not contain material misstatements resulting from general misconduct or error. Therefore, the audit risk in the audit of financial statements means that the public auditor draws an erroneous conclusion if the information about the audited entity contains material misstatement.

This article provides an overview of JSC "KazTransGas", annual performance and advantages of the company.

Keywords: State audit, oil and gas, audit of individual financial statements, audit, analytical analysis, revenues, budget, economy.


"ҚазТрансГаз" компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес құрылған, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы болып қайта құрылымдалды.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның негізгі қызметі – магистральды және газ тарату құбыржолдары арқылы газ тасымалдау бойынша қызметтер көрсету, маркетинг, сатып алу, газды тұтынушыларға өткізу болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы тауарлы газды өткізу нарығындағы компанияның үлесі 95% өсті. «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның абоненттер саны 1 миллион 900 мыңнан астам (8 млн тұрғын), сондай-ақ 49 мыңнан астам кәсіпорын болды.

«ҚазТрансГаз» АҚ сыртқы аудиторы ретінде - «Эрнст энд Янг » ЖШС 2002 жылдан 2014 жылға дейін тәуелсіз аудиторлық ұйымы табылады. Сондай-ақ 2014 жыл бойынша қаржылық есептіліктің аудитін өткізуі үшін сыртқы аудиторға берілген сый 18 417 496 теңгені құрады.

Сонымен қатар, компания артықшылығына тоқталатын болсақ, олар келесі суретте көрсетілді.



1-сурет. «ҚазТрансГаз» АҚ артықшылығы

Активтердің қалдық құны, пайдалану мерзімі және тозуын есептеу әдістері әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралып отырады және қажет болған кезде келесі кезеңдерде түзетіліп отырады.

- Аяқталмаған құрылыс өзіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаған құрылысын білдіреді.
- Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді.
- Аяқталмаған құрылыстың амортизациясы мұндай активтердің құрылысы аяқталғанда және олар пайдалануға берілген уақытта басталады.

Амортизация 2-100 жыл пайдалы қызмет етудің күтілетін қалған орта мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі.

«ҚазТрансГаз» АҚ 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымдар банктерде теңгемен жылдық 7,5% (2018 жыл: 7,5%) және шетел валютасында жылдық нөл пайыз (2018 жыл: 2,45%) етіп пайыздық мөлшерлемелерге орналастырылған болатын. Ал 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты пайызсыз болып табылады.

1-кесте. «ҚазТрансГаз» АҚ Ақша қаражаты мен оның баламалары

Мың теңгемен	2018 жылы	2019 жылы
Шетел валютасындағы банк шоттары	7.324.169	4.744.442
Теңгемен салымдар	21.134.660	2.203.469
Теңгемен банк шоттары	26.769	411.815
АҚШ долларындағы салымдар	72.613.800	-
Кассадағы қолма-қол ақша	4.644	4.763
Жолдағы ақша қаражаты	-	1.506
Барлығы:	101.104.042	7.365.995

Аталған жылдық көрсеткіштер бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ-ның жалпы ақша қаражаттары 2019 жылы 7.365.995тг құраса, 2018 жылы 101.104.042тг құрады. Бұл көрсеткіш өзгерісі 12,7% құрап отыр (1-кесте).

2017 жылғы сәуірде компания жылдық 10% сыйақы мөлшерлемесімен облигация үшін номиналды құны 1.000 теңге болатын ҚҚБ-да орналастырылған АманкелдіГаз 2.700.000 купондық облигациясын сатып алды, купондарды төлеу кезеңділігі 2022 жылғы 7 сәуірге дейін жыл сайын 7 сәуірде. Осы

облигацияларды сатып алу бағасы 2.700.000 мың теңге болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облигациялардың баланстық құны 2.897.250 мың теңге (2018 жылы: 2.897.250 мың теңге) болды.

«ҚазМұнайГаз» ортақ корпоративтік мақсаттар үшін Компанияға жылдық сомаға қысқа мерзімді қаржыландыруды берді.



2-сурет. «ҚазТрансГаз» АҚ ортақ корпоративтік көрсеткіштері

2017 жылғы 6 наурызда «ҚазМұнайГаз» ортақ корпоративтік мақсаттар үшін Компанияға жылдық 5,0% пайыздық мөлшерлемемен 25.321.800 мың теңге сомаға қысқа мерзімді қаржыландыруды берген болатын, ал 2019 жылдың ішінде негізгі борышты өтеу мерзімі 2019 жылғы 30 қарашаға дейін ұзартылды. Қарыз бойынша 1.339.820 мың теңге мөлшеріндегі тиісті дисконт қосымша төленген капитал ретінде көрсетілді.

Сонымен қатар, компанияның ілеспе жеке қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес («IASB») бекіткен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес әзірленді. Жеке қаржылық есептілік есеп саясатында және осы жеке қаржылық есептілікке ескертулерде көрсетілгендей әділ құн бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелерді қоспағанда, тарихи құн принципіне сәйкес дайындалды. Осы жеке қаржылық есеп берудегі барлық сомалар, егер басқаша көрсетілмесе, ең жақын мыңға дейін дөңгелектенеді.

2-кесте. «ҚазТрансГаз» АҚ 2018-2019 жылдар аралығындағы шығысы

Мың теңгемен	2018 жыл	2019 жыл
Қаржылық шығындар		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар	(11.353.809)	(13.630.010)
Банк қарыздары бойынша пайыздар	(1.721.283)	(2.918.951)
Байланысты тараптан қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	(2.383.455)	(2.327.352)
Байланысты тараптан қарыздар бойынша пайыздар	(2.341.948)	(1.770.740)
Қаржылық кепілдіктердің міндеттемелері	(493.432)	(666.591)

бойынша дисконт амортизациясы		
Қарызды ұйымдастырумен байланысты капиталға айналдырылған шығындар амортизациясы	(89.057)	(237.929)
Барлығы:	(19.584.903)	(22.202.028)

Қаржылық шығындар нәтижесін ескере отырып, «ҚазТрансГаз» ЕҚДБ 243 миллион еуро несие алғаны мәлім. «ҚазТрансГаз» АҚ мен Еуропалық қайта құру және даму банкі ұзақ жылдар бойы ынтымақтастықта болды. Бөлінген несие «ҚазТрансГазға» айналым қаражатын ұлғайтуға және компанияның өтімділігін арттыруға, сондай -ақ несие шарттарын едәуір жақсартуға және коронавирустың әсерінен болған экономикалық дағдарыстың әсерінен туындаған теріс процестерді жұмсартуға көмектеседі. ЕҚДБ пакеті 100 миллион еуро айналым қаражатынан (жергілікті валютада немесе АҚШ долларында) және «ҚазТрансГаз - Интергаз Орталық Азия» АҚ еншілес ұйымына 53,7 млрд теңгені (115,3 млн еуро) балансты қайта құрылымдау несиесінен тұрады.

Банктің 2020-21 жылдардағы барлық 21 миллиард еуро инвестициялары коронавирустық пандемияға қарсы әрекет пен қалпына келтіруге бағытталады деп күтілуде. ЕҚДБ бүгінгі күнге дейін Қазақстанның 273 экономикалық жобасына 8,63 миллиард еуро инвестициялады.

Сонымен қатар, 2018 жылдың ішінде Компания Қазақстан қор биржасында қысқа уақыт аралығына мемлекеттік және өзге де бағалы қағаздарды сатып алу үшін брокердің қызметтерін пайдаланып қалды және «репо» шарты бойынша жылдық 8,3% мөлшерлеме бойынша 11.910.001 мың теңге жалпы сомаға кірістілікті қамтамасыз етті. Бағалы қағаздарды сақтау мерзімі 1 күнді құрайды. Компания «репо» операциялары бойынша пайыздық кірісті 2.694 мың теңге мөлшерінде мойындады.

3-кесте

Инвестициялық бағалы қағаздар құрылымы

Мың теңгемен	2018 жыл	2019 жыл
Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін акционерге тиесілі таза кіріс	108.175.882	46.405.123
Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	351.540.791	351.540.791

Бас компанияға келетін кезеңдегі акцияға арналған базалық және бөлінген пайда (мың теңгемен)	0,31	0,13
--	------	------

Қорытындылай келе, аталған жыл ішінде “ҚазТрансГаз” Акционерлік Қоғамында 2019 жылғы бүкіл әлемдік Covid-2019 пандемиясына байланысты қаржылық қиындықтар пайда болғанын байқай аламыз. Сол себепті “ҚазТрансГаз” АҚ бағалы қағаздарды айналымға шығарған және Еуропалық қайта құру және даму банкінен үлкен көлемде қарыз алған.

Сонымен қатар, “ҚазТрансГаз” АҚ қаржылық қиындықтарға байланысты компания 2019 жылы өз акционерлеріне дивиденд төлеудер бас тартқан, оның себебі компанияның қаржылық жағдайын бір қалыпты ұстап тұру болып саналған. Бірақ, 2020 жылғы 23 наурызда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық ұлттық компанияларға 2019 жылғы пайданың 100% - ын ел бюджетіне төлеуді тапсырды. Бұл тапсырма коронавирустық пандемия мен ішкі карантинге байланысты дағдарысқа қарсы шараларға байланысты болды. Сол себепті “ҚазТрансГаз” АҚ өзінің 7,05% үлесте таза табысын ел бюджетіне құйды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "ҚазТрансГаз" АҚ ресми сайты - <https://www.kaztransgas.kz/index.php/kz/>
2. ГосРеестр (gosreestr.kz) - [ГосРеестр \(gosreestr.kz\)](https://gosreestr.kz/)
3. Қазақстан қор биржасы <https://kase.kz/>
4. ҚазТрансГаз жылдық есебі. https://kaztransgas.kz/images/01_reports/ktg_annual_report_2017-kaz.pdf
5. Компанияның жекелеген қаржылық есептілігі https://www.kmg.kz/uploads/documents/reports/2016/kaz/kfo_cons_20161231_kaz.PDF

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серікбай Назерке, Амангелді Нұрай, Табылдиева Айжан

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3-курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан қ,

Қазақстан Республикасы

E-mail: nurai.amangeldy135@gmail.com

Ғылыми жетекші: *Жахметова Айнура Каиржановна*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы